

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

цифрлы ақпараттар адам өмірінің бар аспектісінде дамиды. Сол себепті де "е-Qонақ" цифрлы платформасына туристерге ыңғайлы жағдай жасау үшін бірқатар қызмет түрлерін енгізу қажет, атап айтсақ: қонақ орналасқан өңір жайлы толық ақпарат алу қызметі, жергілікті туристік нысандар және оларға жету маршруты, кәдесый дүкендерінің орналасу орындары жайлы ақпарат, шұғыл көмек қызметі және электронды билеттерді алу мүмкіндігі секілді қызметтер. Осындай жағдайларға қол жеткізу арқылы еліміздің туризм саласындағы цифрлық әлеуеті алға жылжып, қарқынды дамиды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, туризмді дамытудың басты тетігі – саланы сандық жүйеге көшіру. Сандық трансформация – туризм саласындағы басты трендтердің бірі. Осылайша, жаңа технологиялар дамыған ғасырда табысты сала да заман көшінен қалмай келеді. Енді дамып жатқан отандық цифрлық технологиялар еліміздің туристік мәдениетінің маңызды бөлігіне айналуға дайын. Ұлы даланың туристік әлеуетін толыққанды пайдалану үшін арнайы туристік саланы дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, Отандық туристік нарықтағы туризмді және қызметкерлер жұмысын одан әрі дөңгелетіп әкетуіне негіз салғандай болды. Сандық технологияның осындай ұтымды тұстарын игіліктеріне пайдаланып, Қазақстан туризмі әлемдік нарықтағы алдыңғы қатарлы елдермен терезесі теңесетіне сеніміміз мол!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидалары [Электронды ресурс]. Кіру тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000148>
2. еQонақ ақпараттық жүйесіне Қош келдіңіз! [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: <https://eqonaq.kz/?lang=kz>
3. Цифрлық технологиялар қазақстандық туризмнің маңызды бөлігіне айналады [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: <https://jjtv.kz/kk/news/society/8544-kazakstannyn-turistik-salasy-n-tsifrandyru-zhumystary-zhurgizilude>
4. Дайджест за сентябрь 2022 года. [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: <https://eqonaq.kz/news-detail-79?lang=kz>
5. Цифровую систему Е-Qонақ презентовали в Нур-Султане. [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: https://www.inform.kz/ru/cifrovuyu-sistemu-e-qonaq-prezentovali-v-nur-sultane_a3801816

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІН ТАЛДАУ

Нұрланова Талшын Нұрланқызы

toleukhanova17@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, Туризм кафедрасының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Р. Шоқан

Туризм саласы – экономикада қосымша жұмыс орындарын құруды, жұмыспен қамтуды арттыруды және ел халқының әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ететін әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта туризм саласы экономиканың өсуіне әсер ететін маңызды салалардың біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасы жоғары туристік және рекреациялық әлеуетке ие. Оның аумағында бірегей

табиғи және рекреациялық ресурстар, ұлттық және әлемдік мәдени және тарихи мұра объектілері шоғырланған, маңызды экономикалық, мәдени, қоғамдық және спорттық оқиғалар ұйымдастырылып тұрады. Елде бірқатар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және олардың қызметін ұйымдастыру мәселесі шешімін тапқан. Мемлекетте әртүрлі туристік-рекреациялық ресурстардың болуы туризмнің барлық түрлерін, оның ішінде рекреациялық, мәдени-танымдық, іскерлік, белсенді, сауықтыру, агротуризм және экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Экологиялық туризмді дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығына Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да басымдық берілгені белгілі. Экологиялық туризм түрін дамытуда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ресурстық әлеуетін пайдалану, саланы дамытудың құралы ретінде қаралуы керек. Осы орайда, Шығыс Қазақстан аумағында экологиялық туризмді дамытудың мүмкіндіктерін қарастырудың өзектілігі жоғары деп сипаттауға болады.

Туризм үшін база ретінде қоршаған ортаның маңыздылығы артып келеді. Туризмнің сәтті дамуы үшін табиғи ресурстарды сақтау және көбейту маңызды. Туризм индустриясының дамуында қоршаған орта жағдайы маңызды рөл атқарады. Саяхатқа сұраныстың күтілетін өсуі индустриалды дамыған елдердегі туристік орталықтардың кәсіпкерлігіне әсер етті, олар ұлттық саябақтар, қорықтар құру, қонақүйлердің аумақтарын көгалдандыру қажеттілігін түсінді. Бұрынғыдай туризм үшін басқа мақсаттарға жарамсыз жерлерді пайдалануға, туристік объектілерді химиялық сияқты қауіпті өндірістердің жанына орналастыруға жол берілмейді. Материалдық базаны рекреациялық жоспарлау аумақты абаттандырудың жалпы жоспарының бөлігі болуы керек. Жаңа туристік кешеннің құрылысын бастамас бұрын оның өңірдің экономикасы мен табиғатына әсерін мұқият және толық зерделеу керек. Бұл жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоғамдық саясатының бөлігі болуы керек. Ауа, жер асты және жер үсті сулары, жағажайлар мен ормандар таза және қорғалған күйде қалуы керек. Табиғат – флора мен фауна қорғауды қажет ететін ресурстар. Жергілікті ландшафттар мен сәулет ескерткіштерін туристік мақсатта орынды пайдалануды ынталандыру керек. Осылайша, экологиялық туризм қоршаған ортадағы тепе-теңдікті жүйелі түрде сақтауға мүмкіндік беретін, туризм түрі ретінде қарастырылуы керек.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті экономика құру моделін іске асыру мақсатын алдына қойып отыр. Алға қойылған мақсатқа жету үшін Қазақстандағы ең тиімді – кластерлік саясат қолданылады. Шығыс Қазақстан облысының туристік кластері даму бағдарламасына сәйкес жетекші өңірлік кластерлердің біріне айналуы тиіс. Туризмді дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Шығыс Қазақстан облысының туристік порталының visiteast.kz жаңғыртуы жүргізілген [1]. Мұнда 73 турмаршруттар мен 800 нысандар туралы ақпаратты берілген. Өңірде Шығыс Қазақстан облысы бойынша "360 виртуалды тур" әзірленген.

Қазақстан Республикасының жалпы аумағы – 272 490 мың га, ал ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының көлемі – 26 251 643,8 га. Бұл дегеніміз елдің 9,6%-ін экологиялық туризмге бағыттауға болады. Шығыс Қазақстан облысының осы санаттағы, яғни табиғи аумақтар бойынша жер көлемі 1 688,2 мың га құрайды. Республика көлемі бойынша Шығыс Қазақстанның табиғи аумақтары бойынша құрайтын үлесі – 6,4 % (Сурет 1).

Экологиялық туризм Катонқарағай, Күршім аудандарында, Риддер қаласында тән. Облыста республикалық маңызы бар 9 табиғат қорғау аймағы, ауданы 1264174 гектардан асады, олардың ішіндегі ең ірілері: Катонқарағай ұлттық табиғи паркі, Марқакөл табиғи қорығы, Батыс Алтай қорығы. Орманды алқаптар облыс аумағының 4,9 % алып жатыр [3].



Сурет 1. Республика ЕҚТА көлемі бойынша ШҚО табиғи аумақтарының үлесі
 Ескертпе: Сурет [2] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған

Негізінен орман алқаптары Алтай тауларының жоталарында орналасқан. Облыста өсімдіктердің 3500-ден астам түрі өседі, оның ішінде дәрілік шөптердің 38 түрі. Мұнда Республика орманының өнеркәсіптік қорларының 70% - дан астамы шоғырланған.

Шығыс Қазақстанның курорттық аумақтарындағы туристік қызметтің дамуын талдайтын болсақ. Пандемия жағдайында 2021 жылы Шығыс Қазақстанның курорттық аймақтарына кіру және ішкі келушілер саны 23,6 %-ға төмендеген (Кесте 1).

Кесте 1

Шығыс Қазақстан облысының курорттық аймақтары бойынша туристік көрсеткіштер

| | 2019ж | 2020ж | 2021ж | 2021/2019жж. (%) |
|-----------------------------------------------|---------|---------|---------|---------------------|
| Кіру және ішкі келушілер саны | 405 125 | 234 164 | 222 634 | 76,4 |
| Санаториялық-курорттық ұйымдарда демалғандар | 8 905 | 6 765 | 5 108 | 75,7 |
| Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға барғандар | 98 507 | 77 500 | 7 436 | 44,1 |

Ескертпе: Кесте [2] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған

Берілген кестеде сондай-ақ, ЕҚТА шеңберінде және санаториялық-курорттық ұйымдарда демалғандар саны көрсетілген. 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі көрсеткіштер жыл сайын төмендеп отырған. Санаториялық-курорттық ұйымдарда демалғандар саны 24,3%-ға төмендесе, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға барғандар саны 55,9 %-ға азайған.

Экологиялық туризмнің бір түрі – аң аулау және балық аулау. Бұл туризмнің осы түрімен айналысуға мүмкіндік беретін облыстың табиғи аймақтарының әртүрлілігін көрсетеді. Өйткені облыста жануарлардың 489 түрі мен балықтың 37 түрі мекендейді, олардың 25 түрін аулауға рұқсат етіледі.

Шығыс Қазақстан облысының республикалық маңызы бар табиғи аумақтарына келесілер жатады: Марқакөл қорығы, Батыс Алтай қорығы, Като-Қарағай табиғи ұлттық паркі, Алтай ботаникалық бағы (Риддер), Бұқтырма су қоймасы, Қиын-керіш каньоны, "Көкшілтау

самырсын тоғайы" мемлекеттік табиғат ескерткіші, "Оңтүстік Алтай" республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қамалы (кешенді), Төменгі Тұрғысын мемлекеттік табиғи қамалы (ботаникалық), "Қаратал құмы" мемлекеттік табиғи қамалы (ботаникалық), Тарбағатай мемлекеттік табиғи қамалы (зоологиялық). Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ішінде ең ірілері келесі кестеде берілген (Кесте 2).

Кесте 2

ШҚО туристік аумақ ерекшеліктері

| Туристік аймақ | Аумағы, га | Ерекшеліктері |
|-----------------------------------|------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Катон-Қарағай табиғи ұлттық паркі | 643477 | экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық құндылығы бар Оңтүстік Алтайдың бірегей табиғи кешендерін сақтау және қалпына келтіру. http://br.katonkaragai.kz/kz |
| Марқакөл қорығы | 102971 | Марқакөл көлі, табиғат мұражайы, ескі австриялық жол, 700 жылдық тарихы бар балқарағай тұқымдас ағашы https://markakol-zapovednik.kz/kz/ |
| Батыс Алтай қорығы | 86122 | Қорық аумағының гидрологиялық жүйесін табиғи қалпында сақтау https://zagpz.kz/index-2.htm |

Ескертпе: Кесте [4] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған

Берілген 2-кестеде ШҚО бойынша табиғи қорықтар мен ұлттық парктің ерекшеліктері берілген. Әрқайсысы өзіндік ерекшеліктері бар болғанымен, барлығының мақсаты экологияға оң әсерін тигізу. 2021 жылы Катонқарағай ауданында ауылдық және экологиялық туризмді дамытуға серпін алды. ШҚО Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп Берел ауылында 24 тұрғынға кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жүргізілді. Бизнес-жоспарларын құрған 18 жеке кәсіпкер тіркелді. "Катонқарағай ауданының тұрақты дамуы" қоғамдық қорымен келісімнің арқасында әрбір кәсіпкерге "Еңбек"бағдарламасы бойынша 583 мың теңге грант бөлінді.

ШҚО-дан шығатын «Алтай балы» бренді бүкіл әлемде үлкен сұранысқа ие. «Алтай балы» брендінің өнімін шаруа қожалығы Қазақстан мен шетелге өткізеді. Бүгінде тапсырыс берушілердің қатарында Ресей, АҚШ, БАӘ, Моңғолия, Қытай және басқа да елдер бар. 2019 жылдың жазында органикалық табиғи балдың алғашқы партиясы АҚШ-қа жеткізілді. Нью-Йорк штатының Бруклин тұрғындарына қазақстандық бал қатты ұнап, олар 125 тонна көлеміндегі жеткізілімге келісімшартқа отырды. Кәсіпорын ҚХР-ға балды өндіру бойынша талаптарға сәйкес келу экосертификаты бар [5]. Әрине, туристердің бірі ШҚО-ға бал алу үшін баруы екіталай, бірақ үйге жағымды демалысқа кәдесый ретінде тәттіні әкелу – бұл да бір есте қалары рас.

Қорытындылай келе, экологиялық туризм – туристік индустрияның ең жылдам дамып келе жатқан секторы екені баршаға мәлім. Экологиялық туризм қоршаған табиғи ортаны қорғау және қалпына келтіру қоғам дамуының барған сайын елеулі өлшемдері болып табылатын кез келген елдің экономикасын дамытуға үлес қоса алатынын есте ұстаған жөн. Қазақстан Республикасында да экологиялық туризмді дамытудың алғышарттары қалыптасқан, бірақ әлі де даму деңгейінде.

Қазақстан Республикасы табиғи аймақтарға өте бай, төрт түрлі маусымның орасан зор палитрасына ие. Осы зерттеуде Қазақстанның физиологиялық жағынан алуан түрлі географиялық өңірді білдіретін Шығыс Қазақстанның кең аумағындағы экотуризм үшін негізгі орындар айқындалған. Бүкіл республика бойынша Шығыс Қазақстан облысының ЕҚТА көлемі – 9,6 %-ды құрайды. Экологиялық туризмді дамытуға облыстың әлеуеті жеткілікті, дегенмен келушілер саны әлі де аз. Оған басты себептердің бірі, инфраструктураның дұрыс болмауы, кәсіби мамандардың жетіспеуі, экологиялық мақсатта

жүргізілетін іс-шаралардың жүргізілмеуі, сонымен қатар, туристер дұрыс бағытталған, зерттелген тур-маршруттардың жоқтығы десе де болады.

Ең перспективалы және өмірлік маңызды демалыс өңірлерін аумақтық бағалау Шығыс Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын басқаруға ықпал етеді. "Жабайы" туризм бүлінбеген жерлерге теріс әсер етеді, геомұра мен мәдени мұраға зиян келтіреді және дәстүрлі ауылдық өмір салтында жағымсыз мәселелер туғызады. Реттеуші шаралардың болмауы туристер көп келетін кейбір жерлерде туризм мен рекреация секторының тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін.

Қорытындылай келе, Шығыс Қазақстан облысының табиғи-географиялық орналасуы, туристік ресурстардың жеткіліктілігі өңірде туризмнің танымал әрі сұранысқа ие түрі, экологиялық туризмді ұйымдастыруға әлеуеті жоғары екендігін көрсетіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шығыс Қазақстан облысының туристік ақпараттық орталығы ресми сайты. Кіру режимі: <https://visiteast.kz/>
2. ҚР Ұлттық статистика бюросы. Кіру режимі: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/statistic/7>
3. Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі. Кіру режимі: <https://www.gov.kz/?lang=kk>
4. ҚР Әділет министрлігі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысы. Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000593>
5. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ресми сайты. Кіру режимі: <https://astana.atameken.kz/kk/news/34250-glavnyj-brend-vostoka-pokoryaet-m>

УДК 338.48

ANALYSIS OF THE STATE OF DEVELOPMENT OF RELIGIOUS TOURISM IN THE BEKET-ATA UNDERGROUND MOSQUE OF KAZAKHSTAN

Nurlankyzy A.

L.N.Gumilyov Eurasian National University

e-mail: aruzhan.nurlankyzy20@mail.ru

Scientific supervisor - PhD, R.Y. Agybetova

Since its inception, the Recreational Business Region concept has attracted the attention of scientific and other fields as an important functional area. This research paper is aimed at a brief explanation of the history of the development of the RBR. It is aimed at reflecting the problems that have arisen in relation to the RBR, the underground mosque of Beket-Ata of Kazakhstan. It is rich in historical and cultural resources and local business traditions. However, from the point of view of recreational maintenance of the underground mosque of Beket-Ata, the recreational environment is poorly developed in the RBR. This paper analyzes the problems and shortcomings that currently arise in the RBR of the underground mosque Beket-Ata, which includes additional recreational facilities, the development of historical and cultural tourism products and the historical, cultural significance of the region. The research work examines the modernization of recreational services from the point of view of the development of recreational additional facilities, products of historical and cultural tourism and traditional cultural heritage, is based on the overall sustainable development of the RBR and historical and cultural heritage in achieving harmony of economic, environmental and social development. The formation and development of the RBR stimulated the emergence of new